



Өтілген дәріс пен практикалық сабақтарды қамтитын материалдар

Дайындаған: Пірімжанова А.П

Жоспары

1. Антропология ғылымы туралы жалпы түсінік
2. Антропология ғылымына үлес қосқан ғалымдар
3. Жеке тұлға. Адам. Индивид.
4. Педагогикалық іс-әрекет
5. Педагогикалық мамандық



Антропология

адамның шығу тегін, дамуын, дене құрылысын, нәсілдік ерекшеліктерін зерттейтін жалпы биология ғылымының қоғамдық ғылымдармен тығыз байланысы бар саласы. Антропология (грекше arthropos – адам, logos – ілім)

Антропологияның қалыптасуы туралы екі көзқарас

Биологиялық

Әлеуметтік



Антропология ғылымының бөлімдері

Антропогенез – жануарлар дүниесіндегі адамның алатын орны мен адамның адам болып қалыптасуын зерттейді.

Морфология - әрбір адам типінің өзгерісін жасқа байланысты өзгеруін, жынысқа байланысты белгілерін және тұрмыс жағдайын зерттейді.

Этникалық антропология - өткен дәуірден және қазіргі жер шарындағы халықтың антропологиялық құрамын, нәсілдік қалыптасуын, көшіп қону тарихын зерттейді.

Физикалық антропология – адамның физиологиялық және биохимиялық ерекшеліктерімен олардың әртүрлі өзгерістерін зерттейді.

Антропология ғылымына үлес қосқан ғалымдар

Антропология ғылымына Поль Брока, Рудольф Мартин, Луис Лики, Анатолий Богданов, Дмитрий Анучин, Виктор Бунак, Яков Рогинский, Валерий Алексеев, т.б. ғалымдар ерекше үлес қосты.

Рим дәрігері К.Гален адамға ең жақыны маймыл деп, оның анатомиясын зерттеген.

Бірінші болып жануарларды жіктеудің негізін қалаған К.Линней, түр өзгермейді деген ұғымнан таймаған.

Ж.Б.Ламарк, адамның шығу тегі туралы «Зоология философиясы» (1809) атты еңбегінде көрсеткен. Ламарк, адамның шыққан тегі, екі аяғымен тіке жүруге бейімделген, ағашта тіршілік ететін, маймыл тұқымының біреуі деп есептеген.

1871 жылы «Адамның тегі» деген Ч.Дарвиннің жаңа кітабы шықты.

Жеке тұлға

белгілі бір әлеуметтік қоғамның өкілі болатын, (ұлты, топ, ұжым т.б.) белгілі бір іс-әрекет түрімен айналысатын, қоршаған ортаға деген өзінің қатынасын мойындайтын және өзінің дара ерекшеліктері бар нақты адам.

Адам

адамзат баласының жер бетіндегі басқа биологиялық организмдерден өзгеше қасиеттерін сипаттайтын жалпылама ұғым.

Индивид

адам тегінің нақты өкілі, жеке адам.
Индивидуалдық – бұл әр адамның өзіне ғана тән жеке-дара қасиеттерінің жиынтығы, яғни бір адамның екінші адамнан айырмашылығы.

**Педагогикалық
іс-әрекет
дегеніміз**

оқушының тұлғалық, интеллектуалдық, іс-әрекеттік дамуына бағытталған және сонымен бірге оның өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі жетілдіруінің негізі болып табылатын мұғалімнің тәрбиелеуші және оқытушы ықпалы болып табылады.

Іс-әрекет

әлемді және өз-өзін саналы түрде өзгертетін процесте адамның немесе топтың әлеммен жасайтын өзара әрекеті.

Әрекет

әлеуметтік мінез-құлықтың белгілі бір немесе бірнеше түрінің көрінісі;
сахнадағы сияқты әлеуметтік рөлдерді ойнау немесе орындау;
іс-әрекеттің немесе мінез-құлықтың түрі;

**Педагогикалық
мамандық**

қазіргі уақыттағы ең белгілі мамандықтардың бірі, тіпті осы мамандық басқа да мамандықтарды анықтайды деп айтуға болады, себебі еңбектің басқа түрлері арнайы ұйымдастырылған мақсатты педагогикалық қызметтің барысында меңгеріледі.



Пайдаланылған әдебиеттер

1. Антропология тарихы мен теориясы [Мәтін] : оқулық / А. Барнард. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2018.
2. Антропология С.Т.Нұртазин, Р.Салмырзаұлы. - Алматы, 2011
3. Ғаламтор желісі

